

Бекітемін



Мектеп директоры К. Қожалепесов

29.08.2020

Психологиялық қызметтің жылдық жұмыс жоспары

Мектеп психологы: Абдулла Қ.А

Ү. Түктібаев аулы
2020 – 2021 оқу жылы

Психологиялық қызметтің мақсаты:

Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету

Психологиялық қызметтің міндеттері:

- білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардың табысты әлеуметтенуіне психологиялық жәрдем көрсету;
- әрбір білім алушыға жеке психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде психодиагностикалық қызмет көрсету;
- психологиялық қиыншылықтар мен білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- психологиялық проблемаларды шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтарға консультациялық көмек көрсету;
- білім беру үдерісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін көтеру.

ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ

р/с	Жүргізілетін жұмыстар	Сынып	Бағыты	Өткізілу форматы	Жауапты маман
1	1.1. Психологиялық қызмет құжаттарын дайындау 1.2. Бала дамуының психологиялық картасын толықтыру 1.3. Психодиагностикалық әдістемелердің деректер банкі мен тізбесін жасау 1.4. Қадағалауды қажет ететін оқушылар тізімін жинақтау, есепке алу (тәрбиеге қиындық келтіретін оқушы, әлеуметтік жағдайына байланысты, сұраныс негізінде ж.т.б.)				Педагог-психолог Тәрбие бөлімі Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагог
2	Ата-аналармен қашықтықтан жиналыс : «Қашықтық жағдайында ата-ана мен бала қарым-қатынасы»	1-11 сынып ата-аналары	Ағартушылық	Интернет платформалары - хабарлама, вебинар	Мектеп әкімшілігі Педагог-психолог Сынып жетекшілер
3	«Қашықтықтан оқыту жайлы ата-аналарға арналған кеңестер» ата-аналарға әлеуметтік желі арқылы жадынама тарату	1-11 сынып ата-аналары	Ағартушылық	Әлеуметтік желілер: жадынама, слайдтар, бейнероликтер	Тәрбие бөлімі Педагог-психолог Сынып жетекшілер
4	Ата –аналармен онлайн конференция: «Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек»	1- сынып ата-аналары	Ағартушылық	Интернет платформалары - хабарлама, вебинар	Тәрбие бөлімі Педагог-психолог Сынып жетекшілер
5	Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың ата-аналары мен пән мұғалімдеріне онлайн кеңес беру	Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар	Кеңес беру	Интернет платформалары - вебинарлар	Директордың оқу-жөніндегі орынбасары Педагог-психолог, дефектолог
6	«Суицид сақшылары » ретінде ата-аналарды хабардар ету	8 сынып ата-аналары	Ағартушылық	Интернет платформалары (Google disk)	Педагог-психолог
7	Жыл бойы жүргізілетін зерттеу жұмыстарына ата-аналар рұқсатын алу	1-11 сыныптар	Ағартушылық	Интернет платформалары (Google disk)	Тәрбие бөлімі Сынып жетекшілер Педагог-психолог
8	Оқушының мектепке	1 сыныптар	Психодиагностика		Педагог-психолог

	психологиялық дайындығын зерттеу; Керн-Йерасек тесті					
9	1-сынып оқушыларымен психологиялық бейімдеу сабақтары	1 сыныптар	Түзету- дамытушылық	Интернет платформалары	Педагог-психолог	
10	5-сынып оқушыларымен психологиялық бейімдеу сабақтары	5 сыныптар	Түзету- дамытушылық	Интернет платформалары	Педагог-психолог	
11	11-сынып оқушыларымен ҰБТ-ге байланысты психологиялық сабақтар	11 сыныптар	Түзету- дамытушылық	Интернет платформалары	Педагог-психолог	
12	Сұраныс (сынып жетекшісі, пән мұғалімі, ата-ана) негізінде жеке және топтық кеңес беру					Педагог-психолог

ҚАЗАН АЙЫ

р/с	Жүргізілетін жұмыстар	Сынып	Бағыты	Өткізілу форматы	Жауапты маман
1	Ата –аналар конференциясы: 2-4 сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек	2-4 сынып ата-аналары	Ағартушылық	Интернет платформалары - хабарлама, вебинар	Тәрбие бөлімі Педагог-психолог Сынып жетекшілер
2	Бесінші сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңінде психологиялық сүйемелдеу жұмыстары	5 сыныптар	Психодиагностика	Интернет платформасы (Google disk)	Педагог-психолог
3	Скрининг: «Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы» (онлайн)	8-11 сыныптар	Психодиагностика	Zhastar.org сайты	Бағдарламашы Педагог-психолог
4	Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы бойынша «Жоғарғы қадағалау тобына» алынатын оқушымен жеке сұхбат жүргізіп, ата-анасын хабардар ете отырып, арнайы маманға жолдау	Скрининг нәтижесі бойынша	Кеңес беру	Интернет платформалары	Педагог-психолог
5	Ата –аналар конференциясы: 5-7 сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек	5-7 сынып ата-аналары	Ағартушылық	Интернет платформалары - хабарлама, вебинар	Тәрбие бөлімі Сынып жетекшілер Педагог-психолог
6	1-сынып оқушыларымен психологиялық бейімдеу сабақтары	1 сыныптар	Түзету-дамытушылық	Интернет платформалары	Педагог-психолог
7	5-сынып оқушыларымен психологиялық бейімдеу сабақтары	5 сыныптар	Түзету-дамытушылық	Интернет платформалары	Педагог-психолог

8	11-сынып оқушыларымен ҰБТ-ге психологиялық бейімдеу сабақтары	11 сыныптар	Түзету-дамытушылық	Интернет платформалары	Педагог-психолог
9	Сұраныс (Сынып жетекші, пән мұғалімі, ата-ана) негізінде жеке және топтық кеңес беру			Интернет платформалары	Педагог-психолог

ҚАРАША АЙЫ

р/с	Жүргізілетін жұмыстар	Сынып	Бағыты	Жауапты маман
1	Ата –аналар конференциясы : 8-9 сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек	8-9 сынып ата-аналары	Ағартушылық	Тәрбие бөлімі Педагог-психолог Сынып жетекшілер
2	Жас мамандармен эмоционалдық күюдің алдын-алу психологиялық сабақтар	1-3 жыл аралығында жұмысқа орналасқан мұғалімдер	Ағартушылық	Педагог-психолог
3	Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы: Зунг депрессия шкаласы	5- 7сыныптар	Психодиагностика	Педагог-психолог
4	Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы: Э.Бек депрессия шкаласы	11 - сыныптар	Психодиагностика	Педагог-психолог
5	Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы бойынша «Жоғары қадағалау» тобына алынатын оқушымен жеке сұхбат жүргізіп, ата-анасын хабардар ете отырып, арнайы маманға жолдау;	Скрининг нәтижесімен	Кенес беру	Педагог-психолог
6	«Суицид сакшылары » ретінде мектеп мұғалімдерін оқыту	Мектеп ұжымы	Кеңес беру	Педагог-психолог
7	Қабілеті жоғары оқушылардың базасын жасау	1-11 сыныптар	Психодиагностика	Бейінді орынбасар Сынып жетекшілер Педагог-психолог
8	«Жасөспірімнің денсаулық және өмірлік дағдыларын қалыптастыру бағдарламасы бойынша 3 апталық дәріс оқу	8- сыныптар	Ағартушылық	Педагог-психолог

9	Ерекше қажеттілігі бар оқушылармен жеке сабақтар	1-4- сыныптар	Түзету- дамытушылық	Педагог-психолог
10	Үлкен психологиялық ойындар	5- сыныптар	Түзету- дамытушылық	Педагог-психолог
11	11-сынып оқушыларымен ҰБТ-ге психологиялық бейімдеу сабақтары	11 - сыныптар	Түзету- дамытушылық	Педагог-психолог
12	Сұраныс негізінде жеке және топтық кеңес беру			Педагог-психолог

ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ

р/с	Жүргізілетін жұмыстар	Сынып	Бағыты	Жауапты маман
1	Оқушылармен кәсіптік бағдар беру барысында оқушылардан сауалнама алу	9-11 сыныптар	Психодиагностика	Бейінді орынбасар Педагог-психолог
2	«Жасөспірімнің денсаулығын нығайту және суицидтің алдын-алу» (конференция, дәріс, денсаулық сағаты т.б.)	8-10 сыныптар	Ағартушылық/ Саларалық байланыс/ Әлеуметтік - диспетчерлік	Емхана мамандары Сынып жетекшілер Педагог-психолог
3	11-сынып ата-аналарына арналған ойын элементтерімен тренинг, вебинар, жиналыс т.б.	11 сынып ата-аналары	Ағартушылық	Тәрбие бөлімі Сынып жетекшілер Педагог-психолог
4	«Жасөспірімнің денсаулық және өмірлік дағдыларын қалыптастыру бағдарламасы бойынша қайталау дәрісін оқу	9-11 сыныптар	Ағартушылық	Педагог-психолог
5	Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған психологиялық сабақтар, кіріктірілген сабақтар, ойындар, арт-терапия элементтерімен тренингтер	2-3 сыныптар	Түзету- дамытушылық	Педагог-психолог
6	Сұраныс негізінде жеке және топтық кеңес беру			Педагог-психолог

ҚАҢТАР АЙЫ

р/с	Жүргізілетін жұмыстар	Сынып	Бағыты	Жауапты маман
1	Қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған <i>психологиялық сабақтар, кіріктірілген сабақтар, ойындар, арт-терапия элементтерімен тренингтер</i>	6-7 сыныптар	Түзету-дамытушылық	Педагог-психолог
2	11-сынып оқушыларымен ҰБТ-ге психологиялық бейімдеу сабақтары	11 сыныптар	Түзету-дамытушылық	Педагог-психолог
3	Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған <i>психологиялық сабақтар, кіріктірілген сабақтар, ойындар, арт-терапия элементтерімен тренингтер</i>	4 сыныптар	Түзету-дамытушылық	Педагог-психолог
4	«Бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын-алу» тақырыбында мектеп инспекторы, мектеп аяжаны, клиника психологымен кездесу өткізу	5-11 сынып оқушылары	Ағартушылық Салааралық байланыс	Педагог-психолог
5	Мектеп ұжымындағы қарым-қатынасты зерттеу т.б.	Мүғалімдер	Диагностика	Педагог-психолог
6	Мүғалімдердің эмоционалдық құлдырауының алдын-алу (<i>вебинар, пси.сабақтар, ойындар, арт-терапия элементтерімен тренингтер</i>)	Педагогтар	Ағартушылық	Педагог-психолог
7	Сұраныс негізінде жеке және топтық кеңес беру			Педагог-психолог

АҚПАН АЙЫ

р/с	Жүргізілетін жұмыстар	Сынып	Бағыты	Жауапты маман
1	Діни экстримизмнің алдын алу бағытындағы сауалнама алу	7-10 сыныптар	Психодиагностика	Сынып жетекшілер Педагог-психолог
2	Қабілетті оқушыларға арналған тренинг элементтерімен психологиялық сабақ	Қабілеті жоғары оқушылармен	Түзету- дамытушылық	Педагог-психолог
3	Кәсіби бағыт-бағдар беру: 9-сынып оқушылармен психологиялық ойындар, сабақтар т.б.	9 - сыныптар	Ағартушылық	Дир. бейінді орынд Сынып жетекшілер Педагог-психолог
4	11-сынып оқушыларымен ҰБТ-ге психологиялық бейімдеу сабақтары	11 - сыныптар	Түзету- дамытушылық	Мектеп психологтары
5	Әлеуметтік тұрғыда жағдайы төмен отбасы балаларын психологиялық қолдау	Әлеуметтік тұрмысы төмен отбасы балалары	Ағартушылық, түзету- дамыту, кеңес беру	Тәрбие бөлімі Әлеуметтік педагог Педагог-психолог Сынып жетекшілер
6	Танымдық процестерді дамыту жаттығулары (кіріктірілген сабақтар)	1-2 сыныптар	Түзету- дамытушылық	Педагог-психолог
7	Сұраныс негізінде жеке және топтық кеңес беру			Педагог-психолог

НАУРЫЗ АЙЫ

р/с	Жүргізілетін жұмыстар	Сынып	Бағыты	Жауапты маман
1	4-сынып оқушыларын орта буынға бейімдеу сабақтары	4 -сыныптар ата-аналары мен сынып жетекшілер	Ағартушылық	Тәрбие бөлімі Педагог-психолог Сынып жетекшілер
2	К.Леонгард, Г.Шмишектің бейімделген мінездемелік сауалнамасы	7-9 сыныптар	Психодиагностика	Педагог-психолог
3	11-сынып оқушыларымен ҰБТ-ге психологиялық бейімдеу сабақтары	11 - сыныптар	Түзету- дамытушылық	Педагог-психолог
4	9-сынып оқушыларымен мемлекеттік емтиханға психологиялық бейімдеу сабақтары	9- сыныптар	Түзету- дамытушылық	Педагог-психолог
5	Арт терапия элементтерін қолдану арқылы психокоррекциялық сабақ	6-7 сыныптар	Түзету дамытушылық	Педагог-психолог
6	Сұраныс негізінде жеке және топтық кеңес беру			Педагог-психолог

СӘУІР АЙЫ

р/с	Жүргізілетін жұмыстар	Сынып	Бағыты	Жауапты маман
1	Dass шкаласы	7-11 сыныптар	Психодиагностика	Педагог-психолог
2	НСВ -10	5-6 сыныптар	Психодиагностика	Педагог-психолог
3	Сауалнама бойынша «Жоғарғы қадағалау» тобына алынатын оқушымен жеке сұхбат жүргізіп, ата-анасын хабардар ете отырып, арнайы маманға жолдау;	5-11 сыныптар	Кеңес беру	Педагог-психолог
4	Жастар денсаулық орталығының мамандарымен тренинг ұйымдастыру	8-9 сыныптар	Ағартушылық	Педагог-психолог ЖДО мамандары
5	Арт терапия элементтері арқылы оқушыларды психологиялық сүйемелдеу	5-7 сыныптар	Ағартушылық	Педагог-психолог
6	Оқушылардың өзіндік бағасын көтеру (<i>Психологиялық ойындар</i>)	6 сыныптар	Түзету- дамытушылық	Педагог-психолог
7	11-сынып оқушыларымен ҰБТ-ге психологиялық бейімдеу сабақтары	11 -сыныптар	Ағартушылық, түзету- дамытушылық	Сынып жетекшілер Педагог-психолог
8	Сұраныс негізінде жеке және топтық кеңес беру			Педагог-психолог

МАМЫР АЙЫ

р/с	Жүргізілетін жұмыстар	Сынып	Бағыты	Жауапты маман
1	11-сынып оқушыларымен ҰБТ-ге психологиялық бейімдеу сабақтары	11 - сыныптар	Ағартушылық, түзету-дамытушылық	Сынып жетекшілер Педагог-психолог
2	9-сынып оқушыларының мемлекеттік емтиханға психологиялық бейімдеу сабақтары	9 - сыныптар	Ағартушылық	Педагог-психолог
3	Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларының ата-аналарына кеңес беру	Ата-аналар	Кенес беру	Педагог-психолог
4	Жазғы демалысқа шығар алдында оқушыларға қауіпсіздік шаралары жкніндегі түсіндірме жұмысын жүргізу	5-10 сыныптар	Ағартушылық, кеңес беру	Педагог-психолог
5	«Суицид сақшылары » ата-аналарды ақпараттандыру	5-10 ата-аналары	Ағартушылық	Тәрбие бөлімі Педагог-психолог Сынып жетекшілер
6	2020-2021 оқу жылының аналитикалық және статистикалық есебі		Әлеуметтік - диспетчерлік/ есеп беру	Педагог-психолог
7	2021-2022 оқу жылына перспективалық жоспар құру		Әлеуметтік - диспетчерлік/ есеп беру	
7	Сұраныс негізінде жеке және топтық кеңес беру			Педагог-психолог

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Успанова З, Ниязбекова К, Аяганова А. М. Мектептегі психологиялық қызмет. Қызылорда – 2004ж
2. Рогов Е. Настольная книга практического психолога. Владос – 2001ж
3. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі. Мектептегі психологиялық диагностика. Астана – 2005ж
4. Амирова С, Жантیکеев Д. ж. т. б. Мектеп психологының жұмыс кітаптары (жинақ). Астана – 2015ж
5. Бизақова Ф. Психологиялық тест жинағы. Тараз – 2012ж
6. Бизақова Ф. Психологиялық түзету-дамыту жұмысы. Тараз – 2012ж
7. Мектептегі психологиялық диагностика. Әдістемелік құрал. Астана – 2005ж
8. Симонова О. К. Родительские собрания с психологом. Москва – 2011ж
9. Елшібаева К. Балаларға өзара әсер етудің тиімді жолдары. Алматы – 2010ж
10. Сіз ұлттық бірыңғай тестілеуге дайынсыз ба? Алматы
11. Мектеп психологінің жұмыс кітабы /1-11 сыныпқа дейін/ Астана – 2015ж

**2020-2021 оқу жылында Б.Әбдіразақов атындағы №88 орта мектептің
психологиялық қызмет орталығының атқарған жұмыстарына
АНЫҚТАМА**

2020 – 2021 оқу жылында мектептегі психологиялық қызметті ұйымдастыруда «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 30 сәуірдегі №169 бұйрығын басшылыққа ала отырып, лауазымдық міндет бөлінісі және осы оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітіліп, соған сәйкес жұмыстар жүргізілді.

Психологиялық қызмет жоспарына сәйкес **қыркүйек** айында Психологтың қызмет құжаттары дайындалып, бұйрықтар шығарылды. Психодиагностикалық әдістемелердің деректер банкі мен тізбесі жасалды. Қашықтықтан оқытуға байланысты сынып жетекшілер, тәрбие орталығымен бірлесе отырып ата-аналарға түсіндірме жасалып, психологиялық қолдау көрсету жұмыстары жүргізілді. «Қашықтық жағдайында ата-ана мен бала қарым-қатынасы» тақырыбында WhatsApp желісі арқылы ағартушылық бағытында презентациялық ақпараттық таныстырылым және «Қашықтықтан оқыту жайлы ата-аналар мен ұстаздарға арналған кеңестер берілді. Әр сыныптар бойынша ата-аналар чатына «сенім телефондары» туралы ақпараттар таратылды. «Тәуекел тобындағы» жасөспірімдердің ата-аналарымен байланыс жасалды. Ата-аналар тарапынан шағымдар тіркелген жоқ. Сонымен қатар «Тағдыр сақшылары» ретінде 8 сынып оқушылары ата-аналарына WhatsApp желісі арқылы ақпараттар берілді. Оған 36 ата-ана қатысты.

Google disk интернет платформасы арқылы жыл бойы оқушыларға жүргізілетін зерттеу жұмыстарына 408 ата-ананың рұқсат қолхаты алынды.

1 сынып оқушыларын мектепке қабылдау, дайындығын зерттеу мақсатында Керн-Иерасек әдістемесі жүргізілді. Диагностикаға 38 оқушы қатысты. Әдістеме қорытындысы бойынша сынып жетекшіге, ата – аналарға WhatsApp желісі арқылы кеңестер берілді.

Жоспарға сәйкес 1 сынып оқушыларына «Балалардың ойлау қабілетін ойын арқылы дамыту» атты түзете-дамытушылық бағытта психологиялық тренинг жүргізілді. Сонымен қатар WhatsApp желісі арқылы «XXI ғасырдағы Қазақстандық ата – ана: өз балаңа үлгі бол» Республикалық ата – аналар конференциясы 1 сыныптар бойынша өткізілді. Оған 38 ата-ана қатысты.

Қашықтықтан оқыту жағдайында оқушыларға қолдау көрсету, онлайн сабақта өзін-өзі ұстау ережелерін қабылдау және орта буынға бейімдеу мақсатында «Бесінші сынып дегеніміз не?», тақырыбында 5 сынып оқушыларына түзете-дамытушылық бағытта тренинг жүргізіліп, кеңестер берілді.

11 сынып оқушыларына ҰБТ-ның жалпы ережелерімен таныстыру және өзіндік сенімділік жағдайларын қалыптастыру мақсатында WhatsApp желісі арқылы «ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?» атты түзете-дамытушылық бағытта тренинг жүргізіліп, кеңестер берілді.

Қазан айында WhatsApp желісі арқылы «Бірінші сынып оқушыларын бейімдеу», «Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығы», «5-сынып оқушыларының бейімделу ерекшеліктері», «Балалардың ғаламтор желісіндегі қауіпсіз мінез-құлқы» тақырыптарында ата-аналарды ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді.

5-11 сынып оқушыларына «Кибербуллинг туралы әңгімелесейік», «Мен және интернет», «Психикалық денсаулығымыз туралы сөйлесейік» тақырыптарында WhatsApp желісі арқылы дәрістер өткізілді. Дәріске 243 оқушы қатысты. Дәрістерді жүргізу барысында қатысушылармен кері байланыс жасалып қойылған сұрақтар төңірегінде ұсыныстар мен кеңестер берілді.

10 қазан Дүниежүзілік психикалық денсаулық күніне орай WhatsApp желісі арқылы «Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығы» тақырыбында 8-11 сынып оқушылары ата-аналарына дәріс жүргізілді. Дәріске 118 ата-ана қатысты.

«XXI ғасырдағы Қазақстандық ата – ана: өз балаңа үлгі бол» Республикалық ата – аналар конференциясы WhatsApp желісі арқылы 2-4, 5-7 сыныптар бойынша өткізілді. Бұған 238 ата-ана қамтылды. Сонымен қатар 5 сынып оқушыларына «Орта мектептегі жаңа оқушы», 1 сынып оқушыларына «Балалардың ойлау қабілетін ойын арқылы дамыту» атты түзете-дамытушылық бағытта психологиялық тренинг жүргізілді.

ҰБТ – ге қатысушы оқушылармен стресстік жағдайлардың алдын алуға байланысты WhatsApp желісі арқылы «Жүйке жүйесіне түсетін күштен психологиялық арылу әдісі» тақырыбында тренинг жүргізілді.

Қараша айында 8-11 сынып оқушыларына «Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы» бойынша сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 117 оқушы қатысты. Жүргізілген диагностика нәтижесінде «Психологиялық сүйемелдеу тобына» 1 оқушы алынды. Оқушымен сұхбат жүргізіліп, ата-анаға тиісті ақпараттар берілді. Ата-ана дәрігерге апаруға келісім бермегендіктен қолхат жазып берді. Оқушы жалпы сыныптар бойынша медициналық тексеруден өткізілді. «Психологиялық сүйемелдеу тобына» алынған оқушыға арнайы жоспар жасалып, бекітіліп оқушымен тиісті алдын алу, түзете - дамыту жұмыстары жүргізілді.

5 – 7 сынып оқушыларынан «Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы» бойынша Google disk интернет платформасы арқылы «Зунг депрессия шкаласы» сауалнамасы алынды. Сауалнамаға 54 оқушы қатысты. Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардан ауытқушылықтар байқалмады. Оқушыларға сауалнамадан кейін WhatsApp желісі арқылы топтық кеңестер берілді.

WhatsApp желісі арқылы «XXI ғасырдағы Қазақстандық ата – ана: өз балаңа үлгі бол» Республикалық ата – аналар конференциясы 8-9 сыныптар бойынша өткізілді. Оған 65 ата-ана қатысты. Сонымен қатар «Тағдыр сақшылары» ретінде мектеп мұғалімдеріне WhatsApp желісі арқылы ақпараттар берілді.

5, 11 сынып оқушыларына WhatsApp желісі арқылы «Біздің мұғалімдеріміз», «Ашу-ызамен не істеу керек?» тақырыбында тренингтер өткізілді. Оған 72 оқушы қатысты.

«Жасөспірімнің денсаулық және өмірлік дағдыларын қалыптастыру» бағдарламасы бойынша WhatsApp желісі арқылы 8 сынып оқушыларымен 1 сағаттық дәріс сабағы өткізілді. Оған 38 оқушы қатысты.

Желтоқсан айында оқушылардың мамандық таңдауға дайындығын анықтау, кәсіби бағыт-бағдар беру мақсатында 9 сынып оқушыларына Google disk интернет платформасы арқылы «Сенің кәсіби ой-ниетің» сауалнамасы, Д.Голландтың тұлғалық типін анықтау тесті жүргізілді. Диагностикаға 20 оқушы қатысты. Диагностикалық жұмыстардың қорытындысы оқушыларға таныстырылып, WhatsApp желісі арқылы «Мамандықты қалай дұрыс таңдауға болады?» тақырыбында топтық кеңес берілді.

«Жасөспірімнің денсаулық және өмірлік дағдыларын қалыптастыру» бағдарламасы бойынша WhatsApp желісі арқылы 9-11 сынып оқушыларына қайталау дәріс сабақтары оқылды. Оған 80 оқушы қатысты.

WhatsApp желісі арқылы 2-3 сынып оқушыларының таным процестерін дамыту мақсатында түзете-дамытушылық бағытта психологиялық дамытушылық ойындар, жаттығулар жүргізілді.

Жасөспірімнің денсаулық және өмірлік дағдыларын қалыптастыру» бағдарламасы бойынша WhatsApp желісі арқылы 8 сынып оқушыларымен аптасына 1 сағаттық 2 дәріс сабағы өткізілді. Оған 38 оқушы қатысты.

ҰБТ – ге қатысушы оқушылармен, ата-аналарға WhatsApp желісі арқылы стресстік жағдайлардың алдын алуға байланысты «Ата-анамның қолдауы, арманымның орындалуы» тақырыбында тренинг жүргізіліп, кеңестер берілді. Бұл шараға 46 оқушы, ата-ана қатысты.

Қаңтар айында WhatsApp желісі арқылы 6-7 сынып оқушыларына қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған психологиялық жаттығулар, топтық кеңестер берілді. Қатысқан – 78 оқушы.

ҰБТ – ге қатысушы оқушылармен стресстік жағдайлардың алдын алуға байланысты WhatsApp желісі арқылы «ҰБТ, мемлекеттік емтихан кезіндегі стресстен қалай арыламыз?» тақырыбында түзете-дамыту жұмыстары жүргізіліп, топтық кеңестер берілді. Қатысқан – 25 оқушы.

WhatsApp желісі арқылы 4 сынып оқушыларына «Оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту» тақырыбында психологиялық жаттығулар, ойындар жүргізілді. Қатысқан – 35 оқушы.

«Өтпелі кезең» немесе жасөспірімдегі дағдарыс» тақырыбында 7 сынып оқушылары ата-аналарына WhatsApp желісі арқылы топтық кеңес берілді. Бұған 38 ата-ана қатысты.

Эмоционалдық күйдің алдын-алуда мұғалімдерге WhatsApp желісі арқылы түсіндірме жасалып, <http://covid-19.mentalcenter.kz> тегін психологиялық көмек көрсету сайтынан көмек алу ұсынылды.

Ақпан айында WhatsApp желісі арқылы «Мамандық – жетістік мерейі» тақырыбында 9 сынып оқушыларына тренинг сабақ жүргізілді. Тренингке 29 оқушы қатысты.

ҰБТ – ге қатысушы оқушылармен WhatsApp желісі арқылы стресстік жағдайлардың алдын алуға байланысты «Көп адам кеш түсінетін 15 өмірлік сабақ» тақырыбында топтық кеңестер берілді. Қатысқан – 25 оқушы.

7 сынып оқушылары ата-аналарына WhatsApp желісі арқылы «Қамқорлық өлшемі» атты сауалнама алынып, кеңестер берілді.

«Өтпелі кезең» немесе жасөспірімдегі дағдарыс» тақырыбында 8 сынып оқушылары ата-аналарына WhatsApp желісі арқылы топтық кеңес берілді. Қатысқан ата-ана саны – 37.

1-2 сынып оқушыларының таным процестерін дамыту мақсатында түзете-дамытушылық бағытта психологиялық дамытушылық ойындар, жаттығулар жүргізілді. қатысқан оқушы саны – 89. .

Әлеуметтік тұрғыда жағдайы төмен отбасы балаларын психологиялық қолдау мақсатында жеке кеңестер берілді.

Наурыз айында 4 сынып оқушыларын орта буынға бейімдеуде ата-аналар мен сынып жетешілеріне WhatsApp желісі арқылы «5 сыныпта не өзгереді?» тақырыбында ағартушылық жұмыстары өткізілді. Қатысқан ата-ана саны – 35.

6-8 сынып оқушыларына WhatsApp желісі арқылы түзете-дамытушылық бағытта «Менің әлемім» тақырыбында тренинг жүргізілді. Тренингке 116 оқушы қатысты.

9 сынып оқушыларын мемлекеттік емтиханға бейімдеу мақсатында «Емтихандағы өз-өзіне сенімділік» тақырыбында түзете-дамытушылық бағытта жұмыстар жүргізіліп, топтық кеңестер берілді. Қатысқан 29 оқушы.

11 сынып оқушыларына «Бір-бірімізді тыңдай аламыз ба?» тақырыбында тренингтер жасалды. тренингке 23 оқушы қатысты.

Сәуір айында кәмелетке толмағандар арасындағы оқыс жағдайлардың, өз-өзіне зиян келтіруші әрекеттердің алдын алу, офлайн оқуға көшу кезінде оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасын дамыту мақсатында арнайы құрылған жоспарға сәйкес, 6, 7, 8, 9, 10 сынып оқушыларына қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған психологиялық жаттығулар жүргізіліп, топтық кеңестер берілді. Оған 168 оқушы қатысты.

11 сынып оқушыларына ҰБТ кезіндегі стресстік жағдайлардың алдын алу мақсатында «Жетістікке жету өз қолыңда» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренингке 21 оқушы қатысты.

Мамыр айында ҰБТ-ге оқушыларды психологиялық тұрғыдан дайындау мақсатында оқушыларға «Емтиханға қалай жақсы дайындалуға болады?», «Емтихандағы іс-әрекет», «Есте сақтау қабілетті дамыту жолдары», «Сенімділікті қайтару жолдары», «Түдектерге кеңес» т.б. тақырыптарда кеңестер, суретті тренингтер, бейнероликтер жүргізілді.

9 сынып оқушыларын мемлекеттік емтиханға психологиялық бейімдеу мақсатында «Психикалық-жүйке әсерін төмендету әдістері» тақырыбында топтық кеңес беріліп, жаттығулар өткізілді.

НСВ-10 тесті 5-11 сынып оқушылары арасында жүргізілді. Оған 231 оқушы қатысты. Тест қорытындысы бойынша теріс нәтиже көрсеткен оқушылар болған жоқ. Жазғы демалысқа шығар алдында оқушыларға қауіпсіздік шаралары жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.